ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН НЫШАНЫ

4-БЕТ | РӘМІЗДЕРГЕ – 30 ЖЫЛ

ДЕМАЛЫСТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕДІ?

7-БЕТ | БАЛАЛАР ЖЫЛЫ-2022

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗІР ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ҚАДІРЛЕУ ТУРАЛЫ КӨПТЕГЕН ОЙ-ПІКІРЛЕР АЙТЫЛУДА. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ҚАСИЕТТІ КӨК ТУЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ ОРЫН АЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ ЖАҒДАЙЛАР АЗАЙМАЙ ТҰР. СОНДЫҚТАН БАЙРАҒЫМЫЗДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІН ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ҚАЖЕТ БОЛСА, ТИІСТІ ЗАҢДАРҒА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ БОЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ КӨК ТУЫМЫЗ – ҚАСТЕРЛІ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ СИМВОЛЫ. «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК» ДЕП ХАЛҚЫМЫЗ БЕКЕР АЙТПАҒАН. БІЗ ТУЫН ӘРҚАШАН БИІК ҰСТАҒАН ЕЛМІЗ. ОСЫ РЕТТЕ, ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ БІР ОЙЫ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ОТЫРҒАН СИЯҚТЫ: «ӨЗ ЕЛІНІҢ ҚАРА ТАСЫН МАҚТАН ЕТЕ АЛМАҒАН, ӨЗГЕ ЖЕРДІҢ АЛТЫНЫН ДА МАҚТАП ЖАРЫТПАҚ ЕМЕС».

№65
(4343)
Сенбі
4 маусым
2022 жыл

NurSultan

ASTANA AQSHAMY

ELORDA АҚПАРАТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

БҮГІН – РӘМІЗДЕР КҮНІ. БИЫЛ – РӘМІЗДЕРІМІЗДІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ. ТУ, ЕЛТАҢБА ЖӘНЕ ӘНҰРАН – ЕЛІМІЗДІҢ ДЕРБЕСТІГІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ НЫШАНЫ. МЕМЛЕКЕТКЕ ҚҰРМЕТ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТТЕН БАСТАЛАДЫ.

ТУЫН БИІК ҰСТАҒАН ЕЛ

ХАКІМ АБАЙДЫҢ МҮСІНІ АШЫЛДЫ

Үндістанның астанасы Нью-Делиде қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының ескерткіші ашылды.

Сан Мартин Парк скверіндегі салтанатты рәсімге Үндістан мен Қазақстанның ресми адамдары қатысты. Үнді қайраткері Махатма Гандидің туған еліндегі мұндай құрмет – хакім Абайдың барша адамзатқа ортақ тұлға екенінің дәлелі. Екі ұлттың біртуар перзенттерінің өмірге деген көзқарасы, ағартушылық идеялары бір-бірімен үндесіп жатыр. Абай атамыздың мүсінінің бой көтеруі қазақ-үнді достығы мен өзара ынтымақтастығының символына айналатыны анық.

БАЛАБАҚШАМЕН 99,3 ПАЙЫЗ ҚАМТЫЛАДЫ

Балабақшаның кезегінде тұрған балақайлар үшін жағымды жаңалық болғалы тұр. Елімізде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 34 мың орындық 322 балабақша ашылады.

Осылайша, жыл соңына дейін 3-6 жастағы балалардың 99,3 пайызы балабақшамен қамтылады. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін кезектің бірыңғай базасын құру жұмысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылында үздік балабақшалар негізінде 34 құзыреттілік орталық ашылады. 15 мыңнан аса тәрбиеші жаңа модель бойынша тиісті курстан өтуде.

САНСӨЙЛЕМ

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛЫНДА КӨК ТУЫМЫЗ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ СПОРТТЫҚ ШАРАЛАРДА

4 000

РЕТ КӨТЕРІЛДІ; ОҢТҮСТІК, СОЛТҮСТІК ПОЛЮСТЕРДЕ ЖӘНЕ ӘЛЕМНІҢ ЕҢ БИІК ШЫҢЫ – ЭВЕРЕСТКЕ ДЕ ТІГІЛДІ; ЖЕР ОРБИТАСЫН

150

РЕТ АЙНАЛЫП ШЫҚТЫ. ЕЛТАҢБАМЫЗ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ ЕЛТАҢБАЛАР РЕЙТИНГІНДЕ 9-ОРЫНДА.

ТӨРТ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАЙДЫ

Биыл колледжге түсетін балаларға техникалық және кәсіптік білім беруге 45 мың орынға республикалық бюджеттен 10 млрд теңге бөлінді. Осылайша мемлекеттік тапсырыс 40 пайыз ұлғайды. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі де балаларға грант бөліп келеді.

Оқуға түсушілер үшін емтихандар алынып тасталды, енді олар аттестаттың орташа балы арқылы қабылданады. Сөйтіп, талапкер 4 колледж бен 4 мамандықты өзі таңдайды, оларға 3-ке дейін бірнеше біліктілік алуға мүмкіндік беріледі.

Сонымен бірге кәсіпорындарға мақсатты мемлекеттік тапсырыс берілді. Енді кәсіпорындар студенттерді өзі таңдап, оқу бағдарламаларын оқу орнымен бірге жазып, қажетті мамандарды уақытылы дайындай алады. Жеңілдікпен қабылдау квотасының тізбесі 9 санатқа дейін кеңейді.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘНІ – ӘЛЕМДІК ОНДЫҚТА

Димаш Құдайбергеннің 3 әні бірден Billboard's Hot Trending Songs хит-парадының ТОП-10-дығына енді.

Әншінің «Okay» атты әні Billboard's Hot Trending Songs хит-парадында 8-орында тұр. Ол әнге жақында бейнеклип түсірілген еді. Одан жоғарырақ Димаштың «Fly Away» әні бар, ол 22 апта бойы ТОП-10 тізімінде. Ал оның орындауындағы «Fly Away» композициясы алғаш рет Billboard – Hot Trending Songs жаңа чартына 2021 жылдың күзінде қосылды. Кейін чартқа «Be with me» авторлық композициясы еніп, ол 24 апта бойы тізімнен түспеді. Биыл қаңтарда қазақстандық әншінің аталған қос әні апталық чартта рейтингінің ең жоғарғы жолдарына – 1 және 3-орындарға көтерілді. Биыл 15 мамырда World Music Awards ресми аккаунты жеке орындаушылар арасында Billboard's Hot Trending Songs чартында ұзақ уақыт тұратын екі әнді атап өтті. Олар: Димаштың «Fly Away» әні және Оңтүстік Кореяның дүние жүзіне танымал BTS тобының мүшесі Джиннің «Yours» композициясы.

№65 (4343) 04/06/2022 Сенбі

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келген Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Минді қабылдады. Кездесуде аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту сияқты басым бағыттар бойынша Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымымен арадағы ықпалдастығына қатысты мәселелер талқыланды. Сондай-ақ қазіргі геосаяси жағдайдағы ұйым қызметінің негізгі аспектілері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Чжан Минге ілтипат білдіре отырып, оның ШЫҰ-ның Бас хатшысы қызметіне геосаяси ахуалдың күрделі жағдайында, яғни ұйымның ерекше рөл атқаратын кезінде кіріскенін атап өтті.

«Қазақстан – Шанхай ынтымақтастық ұйымының белсенді мүшесі. ШЫҰ-ның Бішкекте өткен саммитінде сөйлеген сөзімде оның халықаралық аренадағы ұйымдардың ішіндегі ең табыстысы екенін атап өттім» деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ШЫҰ-ның кең ауқымды проблемаларды қамтитын күн тәртібінің бірегейлігіне баса мән берді.

«ШЫҰ, шын мәнінде, қайшылық туғызатын ұйым емес. Оның қызметі конструктивтілікке, мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Сонымен қатар бұл ұйым халықаралық жағдайды жақсартуға зор үлес қосуды көздейді. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның жұмысына белсенді қатыса береді және оның әлеуетін нығайтуға өзінің елеулі үлесін қосады» деді Қазақстан көшбасшысы.

Мемлекет басшысы еліміздегі алдағы жалпыұлттық референдумға байқаушылар миссиясын ұйымдастырғаны үшін ШЫҰ-ның Бас хатшысына ризашылығын білдірді. Өз кезегінде Чжан Мин ШЫҰ-ға мүше басқа да мемлекеттердің көшбасшыларымен бірге өзін ұйымның Бас хатшысы лауазымына тағайындау туралы шешім қабылдау кезінде сенім білдіріп, қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол Президентке ұйымның әлеуетін және мүше мемлекеттермен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін бар күшін салатынын жеткізді.

Дипломат Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы жетістігін, Президенттің басшылығымен іске асырылып жатқан ауқымды реформаларды жоғары бағалады. Чжан Мин ұйымның әлеуетін арттыруға еліміздің қосқан елеулі үлесін және оны дамытуға белсенді атсалысатынын айтты. Әңгімелесу барысында ұйымның Бас хатшысы Президентке қыркүйек айында Самарқандта өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысына дайындық барысы туралы мәлімет берді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Чжан Мин халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Марат Ахметжановты қабылдады. Президентке еліміздегі криминогендік жағдайдың жай-күйі туралы есеп берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа қарақшылық, мал ұрлығы, алаяқтық, оның ішінде интернет алаяқтығы, сондай-ақ бұрын сотталғандардың мас күйінде, отбасылық-тұрмыстық салада және топтасып жасаған қылмыстарының саны айтарлықтай төмендегені туралы баяндалды.

Министр Мемлекет басшысына ұйымдасқан қылмыс пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді. Президент кәмелетке толмағандарға қатысты және отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстың алдын алу жұмыстарының нәтижелерімен танысты. Марат Ахметжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа ішкі істер органдарының қызметін бюрократиядан арылту, жұмыс үдерістерін цифрландыру және автоматтандыру, ішкі рәсімдерді, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету саласын оңтайландыру жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысына криминогендік жағдайға мониторинг жасайтын ІІМ ахуалдық талдау орталығының мүмкіндіктерін кеңейту туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар Президентке жол қозғалысы ережелерін қасақана бұзатындарды анықтауға бағытталған жаңа жүйе жұмысының алдын ала нәтижелері туралы айтылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрге еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді. Осы ретте интернет алаяқтығы мен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жандандыру қажеттігі атап өтілді.

ЖЭО ТҮЙТКІЛДЕРІН ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қалалық мәслихатының алдағы сессиялардың бірінде елордалық жылу электр стансаларының түйткілді мәселелері қаралады. Бұл туралы мәслихат хатшысы Ерлан Қаналимов мәлім етті.

«Жуырда мәслихат депутаттары «Астана-Энерго» АҚ-та болып, алдағы жылу беру маусымына дайындық барысымен, жабдықтарды газға көшіру, сондай-ақ негізгі жабдықтарды жөндеу жұмысымен танысты. Халық қалаулыларына ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу, ЖЭО-ның мұржасын және күл үйінділерін салу жұмыстары қай кезеңде екені айтылды. Бүгінгі таңда акционерлік қоғам кәсіпорындарында бизнес үдеріс пен персоналды басқарудың озық тәжірибелері, үнемді өндіріс технологиялары және тағы басқалар белсенді түрде енгізілуде. Олар қызметкерлерді ынталандыру және жетілдіру жүйесін дамыту туралы айтты» деп жазды бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында Е.Каналимов.

ТУРИСТІК БАҒЫТТАР АНЫҚТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында отандық туризм мен ұлттық парктерді дамыту мәселелері қаралды. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев және Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев баяндама жасады.

Мәдениет және спорт министрінің айтуынша, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ішкі туристер саны 50 пайызға өсті. Бұл – 6,9 млн адам. Аталған көрсеткіш пандемияға дейінгі кезеңмен салыстырғанда шамамен 300 мың адамға жоғары. Сонымен қатар 2021 жылдың қорытындысы бойынша шетелдік туристер саны азайды, мұның себебін карантиндік шаралар мен сыртқы шекаралардың жабық болуымен байланыстырамыз.

Ұлттық саябақтарға келушілердің саны артты. Іле Алатауы (212 мыңнан 430 мыңға дейін), Көлсай (83 мыңнан 160 мыңға дейін), Шарын (16 мыңнан 35 мыңға дейін) сияқты ұлттық парктерге келушілер санының еселеп өскені байқалады. 2020 жылмен салыстырғанда орналастыру орындарының саны 172 бірлікке артып, 3686 қонақүйді құрады. Нөмірлік қор өсіп, 193 мың төсек-орынды құрады. Тек Түркістан облысында 40 қонақүй салынды. Аймақтар арасында Қарағанды, Павлодар, Қостанай облыстарынан өзге өңірлерде орналастыру орындарының көбейгені байқалады.

«Көрсетілген қызметтердің көлемі карантинге дейінгі кезеңге сай. 2021 жылы көрсеткіш 109 млрд теңгені құрады. Негізгі өсу ішкі туристер санының артуымен байланысты болып отыр. Мысалы, Ақмола облысында көрсетілетін қызметтер көлемі 3 млрд теңгеге жуық, Маңғыстау және Түркістан облыстарында 2 млрд теңгеге, Шымкент қаласында 1 млрд теңгеге өсті» деді Д.Абаев.

Алайда бұл көрсеткіштің Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Атырау облыстарында және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында айтарлықтай төмендегені байқалады. Кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұлттық жобаға сәйкес, 170 мың жұмыс орнын құру жоспарланған. 2021 жылы 22000 адамды нақты жұмыспен қамту көзделсе, бұл көрсеткіш жыл соңында 31680 адамды құрап, жоспар артығымен орындалды. Биыл қосымша тағы 25 мың жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Мемлекет қабылдап жатқан шараларды ескере отырып, инфрақұрылымдық жобалар іске асып жатыр. Бүгінде ел өңірлерінде туризм инфрақұрылымының жалпы қажеттілігі 870,5 млрд теңге болатын 244 жобаны құрады.

Басым туристік дестинациялар инфрақұрылымдық жобаларының қажеттілігі 422,8 млрд теңге болатын 178 жобаны құрайды.

«Туристердің жайлылығы мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін, дестинацияларда инфрақұрылым салудан басқа, маршруттар бойындағы инфрақұрылымның дамуына назар аудару, сондай-ақ туристік өнімнің материалдық емес компоненттерін дамыту қажет. Еліміз бойынша «Қазақстанның гранд-туры» негізіне кіретін бес басым бағыт айқындалды. Бұл – қазірдің өзінде сұранысқа ие бағыттар» деді Д.Абаев.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Нұртөре ЖҮСІП, Сенат депутаты:

Жастарға арналған «Ирина Қайратовна» тобы мен Shiza лақап аты бар әншінің концертінде өте өрескел әрекет болды. Қазақстан Республикасының туы келемеж етілді. Әншілер тарапынан әдепсіз, анайы сөздер айтылды. Іле-шала кешірім сұраған ы және айыппұл төлегені мәлім болды. Бәріміз «Жаңа Қазақстан» құрамыз деген ниеттеміз. «Жаңа Қазақстанның» ең басты талабы – заң үстемдігі. Заң бәрімізге ортақ. Құр кешіріммен құтылу – жауапкершіліктен жалтару деген сөз. Президент кеше бұған өз пікірін білдірді, көк туымыз – қастерлі тәуелсіздігіміздің символы, мемлекеттік рәміздерді қастерлеу – әр азаматтың перзенттік парызы, байрағымызды пайдалану тәртібін қайта қарау керек деді. Қоғам бұл оқиғаға ҚР Бас прокуратурасы, Ішкі істер министрлігі қандай құқықтық баға беретінін әлі де күтіп отыр.

(02.06.2022 ж. Сенаттың жалпы отырысында айтқан сөзі)

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ғалымдар әлемдегі ең алып өсімдікті тапты.

Ол – теңіз түбінде шалғын түзіп өскен балдырлар. Мамандар бұл өсімдікті әлемдік мұра саналатын табиғи нысан Шарк-Бей шығанағынан тапқан. Осы уақытқа дейін ғалымдар аталған шалғын өсімдіктердің мыңдаған түрінің жиынтығы деп есептеп келген. Австралиялық мамандар оның шын мәнінде генетикалық тұрғыдан бір өсімдік екенін айтады. Шалғын 180 шаршы шақырым жерді алып жатыр.

Мысырда 2,5 мыңжылдық тарихы бар жәдігерлер көрсетілді.

Көпшілікке көрсетілген көне жәдігерлердің ірі топтамасында 250-дей табыт бар. Мамандар олардың ішіндегі мумиялар жақсы сақталғанын айтады. Мұның бәрі жақында Каир маңынан табылған. Кейіннен жәдігерлердің барлығы қазір салынып жатқан Үлкен Мысыр мұражайына беріледі. Ірі жобаның құрылысы биыл күзде аяқталуы тиіс.

Венесуэлада әлемдегі ең қарт адам 113 жасқа толды.

Хуан Висенте Перес Мора жақында ғана Гиннесс рекордтар кітабына енген еді. Туған күніне орай ол ауылына саяхаттап, сүйікті әнін тыңдады. Дәрігерлер қартты анда-санда қан қысымы мазалағаны болмаса, денсаулығы жақсы деп отыр. Хуан 1909 жылы Тачир штатында дүниеге келген. 29 жасында шаңырақ көтеріп, 11 бала сүйді. Қазір 41 немересі, 18 шөбересі және 12 шөпшегі бар.

№65 (4343) 04/06/2022 Сенбі

1 КҮНДЕ – 107 БАЛА

Елордада 1 маусым күні көпбейінді ауруханалардың акушерлік блоктарында 107 бала дүниеге келді. Оның 54-і – қыз бала, 53-і – ұл бала.

Дәрігерлердің айтуынша, сәбилер мен жаңа босанған аналар өздерін жақсы сезінеді. Қалыптасқан ізгі дәстүр бойынша жыл сайын 1 маусым күні дүние есігін ашқан нәрестелерге арналған іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл күні босанған әйелдерге Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің атынан алғыс хаттар, нәрестелеріне арналған сыйлықтар тапсырылды.

«Маған екі баланың анасы болуы бақыты бұйырды. Жаңа туған қызымызға Кәусар деп ат қойдық. Дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қарым-қатынасы мен кәсібилігінің арқасында жеңіл босандым. Оларға деген алғысым шексіз» дейді қала тұрғыны Зағира Сейітақынқызы.

ЕЛТАҢБА АВТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Есіл ауданы әкімдігінде рәміздердің 30 жылдығына орай елтаңбамыздың авторы Жандарбек Мәлібековпен кездесу өтті.

Жиынды Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев жүргізді. Кездесуге мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері, ауданның белсенді тұрғындары қатысты. Кездесу барысында Жандарбек Мәлібекұлы рәміз туралы ойын ортаға салды. Қонақтар елтаңба авторына сұрақ қойды. Автор оның жасалу барысы жайлы айтып берді.

«Елтаңбада қазақ халқының өз мәдениеті, дәстүрі бар екенін айтқым келді. Өйткені бертінге дейін қазақ көшпелі халық, мәдениеті жоқ дегенді жиі еститінбіз. Сондықтан бұл жұмыс намыстан туған» деді ол.

Кездесу соңында Асылбек Есенбаев көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» марапатын салтанатты түрде табыстады.

БЕС ГҮЛЗАР АШЫЛДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күнінде елордада бес гүлзар ашылды. Қаланың үш ауданында тұрғындар демалатын жаңа орындар пайда болды.

Атап айтқанда, Омаров көшесіндегі «Музыкалық жас көрермендер театры» ғимаратынан Республика даңғылына дейін, сондай-ақ «Sine Tempore» СҮ ғимаратының алдындағы алаңда жаяу жүргіншілер аймағына қайта жөндеу жүргізілді. Тұрғындар бос уақытын өз үйлерінің жанында өткізу үшін олардың ұсынысы да ескерілді. Ал бос қалған жерлерге заманауи субұрқақ, ойын-сауық және балалар алаңы мен шағын сәулет нысаны салынды. Сондай-ақ қоқыс жәшіктері бар орындықтар мен заманауи дизайн шамдары орнатылып, көгалдандыру жүргізілді.

Бұдан бөлек, Байқоңыр ауданында үш жаңа сквер ашылды. Алғашқысы Абай даңғылы бойындағы №53/1 және №57/1 үйлер ауданында орналасқан. Мұнда тұрғындар үшін тыныш, балалар алаңдары және отбасылар мен жастарға жайлы уақыт өткізуге арналған аймақтар бар. Веложол аумағы гүлзармен көмкерілген. Екінші сквер Иманов көшесіндегі №32, 34 және 36 үйлер ауданында ашылды. Оның негізгі аумағында аллея орналасқан. Сондай-ақ Пушкин көшесінде тағы бір қоғамдық кеңістік таныстырылды. Мұнда фитнес залдарында болатын тренажерлердің барлық түрі бар. Айырмашылығы – құрылғылар көше спортына бейімделген. Үлкен жабық шатыр жазда да, қыста да Есіл өзенінің жағасында таза ауада жаттығуға мүмкіндік береді.

– Сквердi салудағы ең басты мақсат – ағаштарды сақтау. Себебі олар мұнда бірнеше жылдан бері өсіп тұр. Олардың көпшілігі – үлкен ағаштар мен көшеттер. Біз тұрғындардың барлық тілегін ескеріп, ағаштардың 100 пайызын сақтадық. Қосымша 300-ге жуық бөртегүл бұталары отырғызылды. Олардың иісі шығып, гүлдеп тұр, – деді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Қоршаған ортаны қорғау басқармасы басшысының орынбасары Айдын Бегімбеков.

Сонымен қатар «Интернациональный» тұрғын алабында жаңа сквердің тұсауы кесілді. Мұнда ойын және «Street Workout» аймағы ашылды. Шағын сәулет пішіндерімен безендірілген аймақта орындықтар, қоқыс жәшіктері және көше шамдары жеткілікті мөлшерде орнатылған.

– Қаланың шетінде тұрсақ та, бізге орталықтағыдай жайлы жағдай жасалған. Бұған өте қуаныштымыз. Үлкендерге де, балаларға да жақсы, – деді қала тұрғыны Бақыт Сүлейменова.

Елорданың барлық қоғамдық кеңістігі ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін жасалып, арнайы жабдықталған.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытай орбитаға бірден 9 жер серігін ұшырды.

Олар көлікке арналған «ақылды» технологияларды тексеріп, теңізді қорғау жөніндегі жобаларды іске асыру үшін қолданылады. Соңғы жылдары Қытай ұлттық ғарыш бағдарламасын мықтап қолға алған. Жергілікті ғалымдар метеорологиялық, телекоммуникациялық және навигациялық жер серіктері мен айды игеру технологияларын дамытып келеді.

Жер бетінде аптап ыстық қалыпқа айналады.

Бұл туралы ауа райын арнайы зерттейтін мамандар мәлімдеді. Негізі, ыстық ауа толқындары бұрын тек 100 жылда бір рет белгілі бір мерзімде ғана сақталатын еді. Ал қазір жаһандық жылыну кезеңінде бұл құбылыс жиі қайталанатын болды. Ғалымдар алдағы уақытта ауа температурасы тағы 2 градусқа көтеріліп, ұзақ мерзімді күннің ысуы 3 жыл сайын қайталануы мүмкін деп ескертті.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Жеке тұрғын үйлерді газға қосу үшін талап етілетін құжаттар тізімі тым көп. Соларды қысқарту мүмкіндігі қарастырыла ма екен?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Осыған дейін газға қосылу үшін міндетті түрде құжаттың 8 түрі талап етіліп, іс бірнеше айға (6 айдан аса) созылып кететін. Енді осыған байланысты құжаттар тізімін қысқартуды жоспарлап отырмыз. Бұл шара Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданады. Бұған дейін Энергетика, Ұлттық экономика министрліктерінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және т. б. қатысуымен Үкіметте арнайы кеңес өтіп, газға қосылу бойынша құжаттар тізімін қысқарту мәселесін қарастырдық.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

03.06.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	335	260	260	220
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	110	90	100	120
Макарон өнімдері	360	235	345	325
Қарақұмық жармасы	670	650	570	560
Тазартылған күріш	400	450	380	280
Картоп	260	230	245	350
Сәбіз	280	250	260	250
Пияз	300	340	250	260
Қырыққабат	300	230	265	300
Қант	750	520	650	650
Күнбағыс майы	950	950	920	760
Сиыр еті	2600	2600	2600	2300
Тауық еті	1245	1200	1200	1250
Пастерленген сүт	275	285	300	380
Айран	310	285	300	400
Сары май	1500	1800	1500	1700
Тауық жұмыртқасы	40	40	40	35
Ас тұзы	80	55	60	50
Сүзбе	1100	1200	800	750

№65 (4343) 04/06/2022 Сенбі

ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН НЫШАНЫ

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні. Мемлекеттік рәміздер – ту, елтаңба және әнұран еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі, халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін білдіретін құнды таңбалар. Осы айтулы күнге орай біз Мемлекеттік рәміздердің насихатталуы мен қорғалуы жайлы Геральдикалық зерттеу орталығының директоры Асылбек БАЯЖҰМА мырзаны әңгімеге тартқан едік.

– Өзіңіз жетекшілік етіп отырған орталықтың негізгі жұмыс бағытына тоқталсаңыз.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен былтыр шілде айында Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетіне қарасты Геральдикалық зерттеулер орталығы ашылған болатын. Орталығымыз үш бағытта жұмыс жасайды. Бірінші, біз геральдикалық зерттеулер мәселесімен айналысамыз. Осы мақсатта тастағы таңбаларды сөйлетіп жүрген Қаржаубай Сартқожаұлымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеміз. Әрине, тастағы таңбаларды өзге ғалымдар да зерттейді. Бірақ тиісті еңбектер әр жерде жазылып, біріктірілмей келеді. Біздің мақсатымыз – ғылыми жұмыстарды біріктіру. Осы мақсатта жақында ғана «Қазақ геральдикасы» деген кітап дайындап, баспадан шығардық. Геральдика, таңба мәселесін зерттеу, оны бір ізге келтіру үлкен күшті талап етеді, өкінішке қарай, біздің елімізде геральдист маман жоқ, маман дайындайтын оқу орны да жоқ. Сондықтан біз Ғылым және білім министрлігіне геральдиканы пән ретінде оқыту жөнінде ұсыныс енгіздік. Сондай-ақ орталықтың даму бағдарын айқындау үшін Түркия, Моңғолия, Қытай елдерінің мамандарымен хабарластық. Бір қызығы, ол елдерде геральдистер болғанмен, біздегідей арнайы мекеме жоқ екен. Енді біздің орталыққа, керісінше, олар қызығушылық білдіріп, жұмысымызбен танысқысы келіп отыр. Алдағы уақытта Орталық Азия кеңістігіндегі ірі геральдикалық зерттеулер орталығына айналатын мүмкіндігіміз бар. Министрліктің демеуімен келесі жылы геральдистердің халықаралық конференциясын өткізуді жоспарлап отырмыз. Кәдімгі түймеден ою-өрнекке дейінгі геральдикалық белгілердің экспозициялық залын ашу да жоспарда бар, бұл келесі жылы іске асады. Болашақта Халықаралық геральдистер одағын құрсақ деген ойымыз да бар.

Жұмысымыздың екінші бағыты – Мемлекеттік рәміздерді насихаттау. Биыл Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы, дегенмен жасырары жоқ, бізде Мемлекеттік рәміздерді насихаттау қарқынды емес. Әсіресе жергілікті деңгейде, облыс, аудан әкімдіктерінде бұл формалды жұмысқа айналған, бұған жақында Шығыс Қазақстан облысындағы сапарымда көз жеткіздім. Әр басшының кеңсесінде Мемлекеттік рәміздер ілулі тұрады, бірақ оның ережесін, ілу тәртібін білмейтіні бірден байқалады. Тиісті маман жоқ. Сондықтан орталығымыздың мамандары әдістемелік құрал мен Мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың ережесін әзірлеп жатыр. Алдағы уақытта өңірлерге шығып, семинар ұйымдастырып, түсіндіру жұмысын жүргізу жоспарымызда бар.

Ендігі бір маңызды бағыт – бізде мемлекеттік деңгейде екі жүзден астам мемлекеттік награда бар, ішкі істер, күштік құрылымдар, қорғаныс, төтенше жағдайлар және өзге салалар бойынша қызметкерлерді марапаттау мақсатында немесе мерейтойларға байланысты әртүрлі наградалар шығарады. Олардың эскизі бізге жіберіледі, біз сараптамалық кеңесте қарап, барлық стандартқа сай болуын қадағалаймыз. Өкінішке қарай, бүгінде көптеген қоғамдық, мемлекеттік емес ұйымдар да түрлі түсті орден, медаль шығарып келеді, енді оны да бір ізге келтірудің жолын қарастырып жатырмыз. Себебі жекеменшік сектордағы мемлекеттік емес ұйымдар шығарып отырған орден, медальдардың бейберекетсіз дайындалуы, таратылуы елдікке сын, соны стандартқа түсіруді қолға алдық.

– Мемлекеттік елтаңбамыз бен көк туымыз көз сүріндірер көркімен ғана емес, мәнді символикасымен де көз тартып, ежелгі тарихтан сыр шертіп тұрғандай сезіледі маған.

– Біздің көк туымыз Тәуелсіздіктің 30 жылында әлемдік деңгейдегі спорттық шараларда 4000 рет көкке көтерілген екен. Сондай-ақ көк туымыз Оңтүстік, Солтүстік полюстерде және әлемнің ең биік шыңы – Эверестке де тігілді. Көк туымызды ғарышқа алғаш рет Талғат Мұсабаев ағамыз алып ұшса, ғарышкер Айдын Айымбетовпен бірге Жер орбитасын 150 рет айналып шыққан. Өз тарихында Мемлекеттік туымыз үш мәрте өзгеріске ұшырады, 1992 жылы Мемлекеттік ту конкурсына 1200-ге жуық жоба ұсынылған, соның ішінде Шәкен Ниязбековтің жобасы бірауыздан қолдау тапты. Алғашқыда оюы қызыл түсті және қазіргіден өзгеше болды, кейінірек сары түске ауысты. 1996 жылы туға қошқармүйіз салынып, ені кеңейді. Содан бері өзгеріссіз қолданылып келеді. Ал біздің елтаңбамыз әлемдегі ең әдемі елтаңбалардың рейтингінде тоғызыншы орында тұр. Елтаңбада шаңырақ, уық, қанатты пырақ, жұлдыз секілді бүкіл қазақтың болмысын білдіретін символикалық белгілер бар, оның барлығын Жандарбек Мәлібеков ағамыз өте шеберлікпен үйлестіре білген. Елтаңбамызға да бірнеше өзгеріс енді, атап айтқанда, «Қазақстан» сөзі латын графикасымен «Qazaqstan» деп өзгертіліп, ΔE түстер диапазоны қолданылды. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әр азаматтың басты борышы.

Алғашқы әнұран мен елтаңба және ту авторлары

Ежелгі ғұндардың елтаңбасында күн мен айдың бейнесі болған, айдың пішіні кәдімгі көк туымыздағы қыран бейнесіне ұқсайды. Бұл сәйкестіктің өзі – таңдай қақтырар ғажап құбылыс. Тек айдың орнын бізде бүркіт алмастырған. Демек, сан ғасырлар бойы қуғын мен сүргінді, азап пен тозақты, жақсы мен жаманды бастан өткерсек те, ата-баба аманатынан айнымаған елміз. Осыншама ұланғайыр даланы сақтап қалу үшін ата-бабамыз жан беріп, жан алысты, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін, жерін қорғады. Осы күресте оларға рух, күш берген ту, жалау еді. Туымызды құлатпау – арғы-бергі аталарымыздың ең басты мұраты. Туға деген құрмет те ерекше болған. Мемлекеттік ту мен елтаңба біздің дербес, тәуелсіз мемлекет екенімізді, жеріміз, еліміз, халқымыз бар екенін айғақтайды. Сондықтан Мемлекеттік рәміздер қашан да біздің рухымыз, мемлекеттігіміздің нышаны, тәуелсіздігіміздің символы, ата тарихымызбен сабақтастыратын басты белгіміз.

Рәміздік мәні бар таңбалар тарихын зерттеу бізде енді-енді қолға алынып жатыр, біз өткенде тарихи тулар көрмесін әзірлеуге кіріскен едік, алайда ерте заманнан бергі тудың барлығын тізбектеп келгенде, қазақстандық ғалымдардың осы бойынша ортақ пікірі жоқ екенін байқадық. Алдағы уақытта орталық жанынан ғылыми кеңес шақырып, ғалымдардың пікірін мүмкіндігінше ортақтастырып, оны қоғамның талқысына салғаннан кейін төл тарихымыздағы айтулы рәміздердің шынайы бейнесін халыққа ұсынамыз деп жоспарлап отырмыз. Бұл мәселемен, түптеп келгенде, тарихшылар айналысуы тиіс, біздікі – осы жұмысқа ұйытқы болу.

– Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы қарсаңында еліміздегі өткен концерттің бірінде көк туды умаждап лақтырмақ болған әншінің ерсі әрекеті жұрттың жағасын ұстатып, қоғамдық пікірге тамызық болғаны, шынымен, ыңғайсыз жайт, осы жайлы сіздің пікіріңіз...

– Тәуелсіз еліміздің тарихында Мемлекеттік рәміздерге байланысты бірнеше мәрте резонансты жағдай болды. Бәрін санап отырмасақ та, соңғы сорақылық ретінде Shiza-ның қылығын айтуға болады. Бұл мәселе заңда да қарастырылған, Әкімшілік кодекстің 341, 636-баптарына сәйкес, ондай тұлғалар міндетті түрде жазалануға тиіс. Бірақ жаза жеңіл, азын-аулақ айыппұл төлетумен, он күнге қамаумен түбегейлі тоқтау қоя алмаймыз. Сондықтан алдағы жерде заңды қатайту, күшейту жөнінде ұсыныс енгізу мәселесін қолға алған жөн деп ойлаймын. Дегенмен насихат жұмысының да баяу жүргізіліп жатқанын мойындау керек. Жастарымыз болған оқиғадан сабақ алар деп үміттенемін, алып та жатыр, оған күні кеше жастармен кездескенде анық көзім жетті. Қазіргі таңда орталығымыз түрік еліндегі туды насихаттау жұмысының тәжірибесін зерделеп жатыр. Еуропада өткен саммитте жердегі жалауды Түркия Президентінің еңкейіп алып, қалтасына салып алғаны есіңізде болар, бұл – мемлекет басшысының өз туына деген құрметі. Үлгі боларлық іс. Жалпы ол елде әртүрлі саяси кикілжіңдер күнде дерлік болып жатса да, ту көтерілгенде түгел жиналады.

Міне, біз осы бағытта жұмыс жасауымыз керек. Әнұранымыз орындалып, көк туымыз көтерілгенде, араздықты ұмытып, жұдырықтай жұмылатын күнге жетсек, бізді ешқандай жау алмайды. Әсіресе өскелең ұрпақтың санасына Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін түсіндіру – күн тәртібіндегі басты мәселе. Ертең ел тізгінін қолға алып, кемел келешекке жол бастайтын – осы жастар. Қазір дұрыс тәлім-тәрбие бере алмасақ, кейін өкінгеннен еш пайда болмасы анық.

КҮН КӨТЕРГЕН ҚҰС

Қазақтың көк байрағы – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туындағы алтын күн астында қанатын керген қыран құс қазақстандықтардың жомарттығы мен қырағылығын, пейілінің кеңдігі мен арман-мұратының биіктігін танытады. Ол – еркіндіктің қыраны, халқымыздың өр рухының, мұқалмас мұраты мен айнымас сертінің де нышаны.

Көк туымызға көз суарған сайын есіме ежелгі әлемнің «Күн көтерген құс» туралы ескі аңызы жиі айналып түсе береді. Еуразияның ең алғашқы тұрғындары арасында күнді құс көтеріп құшады немесе күн құсы туралы аңыздың кең тарағанын салыстырмалы мифология мен археологиялық зерттеулердің жетістігі көрсетеді, тіпті мұндай түсініктің елесін мұхиттың арғы жағындағы Америка құрлығын мекен еткен үндістердің қария аңыздарынан да байқаймыз. Бір қызығы, қаймағы бұзылмай жеткен ескі аңыздар мен археологиялық ескерткіштерде күнді көтеріп ұшатын құс ретінде кәдімгі құзғын аталады. Тіліміздегі құзғын сөзі «құс» және «күн» деген екі сөзден бірігіп жасалуы мүмкін екенін ескерсек, тілдік деректердің өміршеңдігіне таңдай қақпай тұра алмаймыз. Қазақтың ескіден жеткен қара өлеңдерінің бірінде «Арбадай көк дегенде арбадай көк, арба тастан күн шығар қарғадай боп» деп келетін жолдар кездеседі, мұны ұйқас үшін айтылған сөз тізбесі емес, арғы бабалардың «күн құсы» туралы киелі түсінігінің фольклорлық мұралар бойында сары майдай сақталған жұрнағы деп білеміз. Тіліміздегі «күн ұясынан шықты» немесе «күн ұясына отырды» деген тұрақты тіркестерден де «күн құсының» ізін байқаймыз.

Ежелгі дүниеде кең етек жайған «Күн көтерген құс» туралы мифологиялық түсініктің бір көрінісі ретінде б. з. д. жетінші және үшінші мыңжылдықтар аралығында өркендеген, неолит кезеңіне жататын Яншао мәдениетіне тән ежелгі қоныстың бірінен табылған қыш ыдыстың бүйіріндегі символиканы айтуға болады.

«Күн көтерген құс» бейнесінің заманның озуы мен ойдың дамуы нәтижесінде еуразиялық кеңістікте, мысалы, сақтарда самұрық, түркілерде алып қара құс сияқты мифологиялық түсініктермен алмасқаны байқалады. Символикалық мәнге бай осы мифологиялық бейнені ғұндардың алтын тәжінен, көк түріктің көсемі – Күлтегіннің мүсінінен, Алтын орданың рәміздерінен де көреміз.

Жер бетіне шуағын шашқан алтын күнді арқалап, көк жүзінде сырғып бара жатқан күн құсы еркіндік пен ерліктің, ізгілік пен мәңгі өмірдің нышаны, жасампаз ойдың жемісі еді. Ендеше Мемлекеттік рәміздердегі символика мен элементтер тамыры терең тарихымызды мұқият зерделеудің қажеттігін де еске салады.

Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз! Өйткені еркіндік қыраны мәңгілік елімізді кемел келешекке бастай береріне сенеміз!

Бетті дайындаған
Ерлан МАЗАН

АСПАН ТҮС ТУЫМ, АСҚАҚТА!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер мерекесіне орай Елбасы кітапханасында «Мемлекеттіліктің рәміздері» халықаралық ғылыми конференциясы болып өтті. Биыл мәртебелі нышандардың қабылданғанына 30 жыл толып отыр.

«Кез келген ел үшін Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздікті айқындайтын атрибут қана емес, бұл – терең әлеуметтік-мәдени және саяси түсініктер жүйесі. Олар тарихқа негізделіп, ұлттық жадты сақтап отырады. Мемлекеттік рәміздер – ел келбетінің құрамдас бөлігі, азаматтар патриотизмінің көрінісі, бүкіл қоғамды біріктіретін факторы, кез келген ұлт пен мемлекеттің болмысын қалыптастырудың құрамдас бөлігі» деді Елбасы кітапханасының директоры Бақытжан Темірболат іс-шараны аша отырып.

Халықаралық ғылыми конференцияға онлайн форматта шетелдік қонақтар да қатысып, сөз сөйледі. Соның бірі Қауіпсіздікті зерттеу жөніндегі Джордж Маршалл атындағы еуропалық орталық профессоры, Эмеритус университетінің профессоры Грегори Глисон (Нью-Мексико, АҚШ) Қазақстанның тәуелсіздік алғанына тікелей куә болғанын айтты. 1991-92 жылдары біздің елде іссапарда болған ғалым Қазақстанның халықаралық аренада қалай танылғаны, осы отыз жыл ішінде жеткен жетістіктері жөнінде сөз қозғады.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, профессор Дихан Қамзабекұлы рәмізтануға қатысты құнды пікірлерімен бөлісті:

> **Жандарбек МӘЛІБЕКОВ,**
> ЕЛТАҢБА АВТОРЫ:
>
> Елтаңбаны жай ғана логотип деп қабылдамау керек. Мұнда мыңдаған жылдық тарихымыз, рухымыз бен санамыз, салт-дәстүріміз бен Ұлы даланың философиясы жатыр. Сондықтан онда ерекше қадір-қасиет бар деп түсіну керек. Өз басым Елтаңбаның кеудеге тағатын кішкене нұсқасын киелі бойтұмардай үнемі тағып жүремін. Жаңа дәуірде, «Жаңа Қазақстанда» Мемлекеттік рәміздерді насихаттаудың тың тәсілдерін қолданатын кез келді

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік туының авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Егеменді Қазақстанның елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. 1992 жылы қабылданған алғашқы әнұранның сөзін Т.Молдағалиев, М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Дәрібаева жазғаны белгілі. 2006 жылы жаңа Мемлекеттік әнұранның негізі ретінде халық арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні таңдап алынды. Ол әнді Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жұмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазған болатын. Әнұранның бастапқы мәтінін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өңдеді.

«Біздің ұғымымызда рәмізтану – көзсіз сүйіспеншілік емес, Отанға, елге деген ата-баба қанымен бойға сіңген саналы әрі шынайы құштарлық. Рәмізтану ұғымы туған мемлекетке, жаралған топырақ пен өскен ортаға деген ізгі сезімді ғана білдірмейді, ол – елдік бірлікті, халықтық қасиет пен сапаны, азаттық үшін күресті, тарихи жол мен жасампаздықты қастерлеуді аңғартатын кең ұғым. Ол – елдің өткеніне, бүгініне, келешегіне деген берік сенім мен терең жауапкершілікті оятатын рухани іргетастың бір жүйесі. Қазір Қазақстан жаңаруға бет алған кезеңде рәмізтану еліміздің аса маңызды әрі өзекті қағидатына айналып отыр. Өйткені ол – отаншылдықтың бірегей саласы. Қазіргі әлемдік сын-қатерлер тұсында тәуелсіз еліміздің ғаламдағы орны мен қауіпсіздік мәселесі баршамыз үшін отаншылдық өлшемі екенін де есте ұстаған жөн».

Тұлпарың тау мен тасты аттап,
Төске алсаң қоңыр салқынды.
Аспан түс туың асқақтап,
Асырар әлі-ақ даңқыңды! – деп ақын жырлағандай, қаншама жастарымыз қазір Қазақстанның даңқын шығарып, көк байрағымызды көкке биік көтеруде. Сонымен бірге Мемлекеттік рәміздерге немкетті қарау немесе аяқасты ету фактілері де кездесіп жатады. Кеше ғана көпшіліктің ашу-ызасын тудырған «Ирина Кайратовна» тобы әншілерінің қылығы – соның бір белгісі. Сол себепті конференцияға қатысушылар бірауыздан аталған мәселеге қатысты біріздiлік пен жаңашылдық қажет деген тоқтамға келді.

Ғылыми конференцияның қорытындысы бойынша рәміздерімізді мемлекет ішінде және ел аумағынан тыс жүрген жастар арасында насихаттаудың тың ұсынысы әзірленді.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

НАУҚАНДЫҚ ШАРАЛАРМЕН ШЕКТЕЛМЕЙІК

Бүгін Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Ал «Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңына – 15 жыл. Рәмізтанушы, Мәдениет қайраткері Талғат Мусаев осы заң жобасын қабылдауға дайындап, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туын, Мемлекеттік елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің мәтінін орналастыру және ауыстыру, жою ережесін бекіту туралы» Үкіметтің екі қаулысын қабылдауда негізгі жауапты орындаушы ретінде жұмыс тобын басқарды. Мемлекеттік органдарда Мемлекеттік рәміздерді пайдалану жөнінде бірнеше әдістемелік кітап шығарды. Рәміздердің мерейтойына орай Талғат Қостайұлын әңгімеге тартып, бұл жұмыстардың қалай жүргізілгенін сұрадық. Рәміздерді құрметтеуге, қастерлеуге, насихаттауға қатысты бүгінгі өзекті мәселелер жайында көзқарасын білдік.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– «Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңының жазылуына мына бір тарихи оқиға басты себеп болды. 2004 жылы тиісті мемлекеттік органдар арқылы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның жұмысшы органы – Мәдениет және спорт министрлігіне аспан асты күн шығыс елінен Қазақстанға үлкен партиямен көк туымыздың белгісі бар ерлердің іш киімі келе жатыр деген хабар түсті. Жедел арнайы топ құрылып, сараптама жүргізіліп, стандартқа сай емес тауардың иесіне түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тауарды шекарадан бері өткізбей, кері қайтардық. Тиісті талаптарды орындамаған жағдайда Қазақстан тарапы заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктелгенін түсіндірдік. Сол күннен бастап «Мемлекеттік рәміздер туралы» конституциялық заңның жазылуына осы жағдай себеп болып, ҚР Мемлекеттік хатшысының бастамасымен Мемлекеттік рәміздердің қолдану аясын кеңейту жұмыстары зерделеніп, кең ауқымда жұмыстар жүрді. Заңнамаға тиісті өзгерту жұмыстары жүргізіліп, 2007 жылдың 4 маусымында Конституциялық заң қабылданды. Бұдан әрі мемлекеттік кәсіпорында Мемлекеттік елтаңбаны жасау механизмінің өте ауыр екені байқалып, арнайы 3Д компьютерлік бағдарламасында алғашқы түстерінің, элементтеріне қойылатын стандарттарын бекітіп, «Мекен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің көмегімен компьютерлік бағдарлама жасады. Оның стандарты көп элементтерден тұрды.

Рәмізтанушының айтуынша, мемлекеттік рәміздер арнайы лицензия алып, рұқсат берілген кәсіпорында ғана жасалуы керек. 2014 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу, метрология, мемлекеттік стандарт комитетінде «СТК 989-2014» белгісі бар Мемлекеттік елтанба мен Мемлекеттік тудың стандарты әзірленіп, бекітілді.

Талғат Қостайұлының сөзінше, бұрын елімізде Мемлекеттік рәміздерді жасайтын 27 кәсіпорын болса, бұл күндері олардың саны 57 кәсіпорынға өсті. Бұл орын алған жағдай нарықта мемлекеттік рәміздерді жасау сапасына кері әсерін тигізіп отырғаны да байқалады. Мемлекеттік рәміздеріміз шығаратын арнайы бір ғана мемлекеттік кәсіпорын құрылып, оған мемлекеттен қаржы бөлініп, шыққан өнімнің сапасына, стандартына сай болуына, әрі бағасының кез келген қазақстандыққа сатып алуға қолжетімді болуына баса назар аудару қажет.

– Мемлекеттік мекемелердің маңдайшасына ілінетін Мемлекеттік тудың пайдалану мерзімі көп болса алты ай ғана ілініп тұрады. Одан кейін оны стандартқа сай ауыстыруға тура келеді. Себебі жел мен табиғаттың басқа да тосынсыйынан зақымданып, жыртылып жатады, күннің сәулесінен түсі де оңады. Ал бұл – мемлекеттік мекемеге қосымша шығын. Сондықтан рәміздердің материалының сапасына көп көңіл бөліп, үлкен жауапкершілікпен қарау керек, – дейді Талғат Мусаев.

Рәмізтанушы Мемлекеттік рәміздерді пайдалану, орналастыру, жою тәртібі заңдық тұрғыдан бекітілгенмен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру, азаматтыққа және отансүйгіштікке, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, рәміздерді халық арасында дәріптеу, құрметтеудің озық ережесі қоғамдық талқыға шығарылып бекітілуі керектігін айтады.

– Мемлекеттік рәміздеріміздің бекітілгеніне 30 жыл толуына орай салтанатты шара тек бір күндік науқандық немесе мерейтойлық

шаралармен шектелмеу қажет. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің ұзақ жылдарға арналған концепциялық бағдарламасы әзірленуі тиіс. Оны кезең-кезеңге бөліп, салиқалы дұрыс жүргізген жөн. Яғни балабақша мен мектеп жасындағыларға, содан кейін колледждер мен жоғары оқу орындарда оқитын студенттерге, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, жалпы елімізде тұратын барша қазақстандықтарға лайықталып жасалуы керек. Елтаңба мен тудың алғашқы үлгісін, яғни тарихи нұсқаларын алып, еліміздің бүкіл облыстарына көшпелі көрмесін ұйымдастырып, рәміздердің тарихымен елді таныстыру керек. Ал мемлекеттік мекемелерде Мемлекеттік рәміздерге қатысты саяси сабақтар өткізіп, елдің рухын көтерген жөн. Кең жолақты интернет беттерінде қазақстандық рәміздердің танымалдығын арттыру мақсатында республикалық геральдикалық сайт та әзірленуі қажет. Ал елордамызда Мемлекеттік рәміздерге арналған музей ашу бүгіннің өзекті тақырыбы деп есептеймін. Онда Қазақ хандығы құрылған кезінен бастау алып, тәуелсіз Қазақстанның осы кезеңдерге дейінгі қабылданған рәміздері мен қалалардың гербтері қойылу қажет. Атап айтқанда, тарихта кешегі өткен ел басқарған Абылайхан, Кенесары, басқа да хандарымыздың, батырларымыздың туы мен мөрі, архивтарымыздан белгілі бізге жеткендер орналастырылса құба-құп, оңды болар еді. Бұл ұрпақ бойына елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерді дарыту үшін аса қажет. Ұлттық телеарналарда әлеуметтік бейнероликтер әзірлеп, жыр мүшәйраларын ұйымдастыру қажет, – дейді Талғат Қостайұлы.

Кезінде Мемлекеттік рәміздерді ретсіз қолдану бойынша көптеген келеңсіз жағдайлар кездесті. Тіпті әлемге әйгілі «Amazon» компаниясы кілемшелерге Мемлекеттік тудың бейнесін орналастырған. Алматы облысында жалпыхалықтық сенбілікте Мемлекеттік тумен қоқыс тасыған жағдайлар да кездесті. Бұл – Мемлекеттік рәміздерді қорлау. Рәмізтанушы осындай жағдайларға кеңінен тоқталды. Рәміздерді қорлағаны үшін бір мыңнан екі мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл немесе бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы бар екенін еске салды. Алдағы уақытта Талғат Қостайұлы жазаны қатаңдату механизмдерін заңдық тұрғыдан саралау керек деп есептейді.

Күні кеше ғана Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп Алматыдағы концертте Мемлекеттік туды қорлаған әншілерді жазалауға қатысты Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдады. Бұл қоғам тарапынан үлкен қолдауға ие болып, жұрттшылықтың Мемлекеттік рәміздерге бейжай қарай алмайтынын, зор құрметпен қарайтынын көрсетті.

№65 (4343) 04/06/2022 Сенбі

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы емделуші бүлдіршіндерге арнап мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

– «Қалауын тапса, қар жанады» демекші, біз, дәрігерлер, мерейлі мерекеде қолдан келгенше бүлдіршіндерге мерекелік көңіл күй мен жылулық сезімін ұялатуға тырыстық. Бұл іс-шарамыз тек мереке қарсаңында ғана емес, бүгінге дейін түрлі уақытта ұйымдастырылып келеді, – деді аурухана директорының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары Роза Өтегенова.

Балаларды мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдіргеннен кейін іс-шараға қатысушы бүлдіршіндер өлең оқып, олардың бейнеңұсқасы аурухананың әлеуметтік желілерінде жарияланды. Түрлі тақырыпта тақпақтарды жатқа айтқан кішкентайларға көрермен қауымның сүйіспеншілігі зор болды.

Сондай-ақ аталмыш емдеу мекемесінде «Денсаулық – балалар көзімен» тақырыбында сурет салу көрмесі ұйымдастырылды. Сол арқылы емделуші балалар «Денсаулықты қалай түсінесің?», «Дәрігер деген кім?», «Бақытты балалық шақ», «Мерекенің ерекшелігі қандай?» деген сұраққа жауабын қағаз бетіндегі сурет арқылы жеткізуге тырысты. «Денсаулық – балалар көзімен» тақтайшасына бүлдіршіндер салған суреттер ілініп, шарлармен безендірілді.

Шара барысында тек бүлдіршіндерге ғана емес, олардың аналарына да көңіл бөлді. Жас аналар бір-бірімен және дәрігерлермен сұрақ-жауап арқылы пайдалы ақпарат алды. Мереке күні аурухана ұжымы балаларды бейнеролик арқылы құттықтады. Онда қолдарына шар ұстаған қызметкерлер би арқылы жүректің бейнесін жасап, емделушілеріне деген құрметі мен сезімін білдірді.

Ақтолқын АМАНЖОЛ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті

Балалар жылына орай елордадағы Қуыршақ театрының тынысымен таныстық. Осы өнер ошағында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай режиссер Мейірім Арғынбаеваның жетекшілігімен «Мультфильм еліне саяхат» атауымен премьера өтті. Театрмен танысу барысында мәдени мекемеде ашылғаннан бері жұмыс істейтін актриса, мәдениет саласының үздігі Салтанат ИШАНБЕККЫЗЫМЕН театрдың өткені, бүгіні мен келешегі туралы әңгімелестік.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ТАРТЫМДЫ МА?

Қуыршақ театры 2008 жылы «Жастар» театрының жанынан ашылып, кейін 2010 жылы бөлініп шықты. Содан бері жеке отау болып жұмыс істеп келе жатыр. Сол кезді еске алған Салтанат Ишанбекқызы: «Алғашқы сәтті қойылымдар қатарына Қазақстанның өзге қалаларында көрсетіліп, «Қыз Жібек» эпосы желісі бойынша қойылған «Махаббат туралы аңызды» айта аламын. Театр қабырғасында қойылған ерекше қойылымдар қатарына Айжан Салаеваның «Менің салған суретім» қойылымын жатқызамын. Бұл – Қазақстан бойынша тұңғыш сахналанған сөзсіз, тілсіз, тек қана әуен мен қуыршақтың әрекеті арқылы берілетін ерекше қойылым. Күрделілігі сонша, бір қуыршаққа үш адамнан түседі. Өмірдің пайда болуын, әр нәрсенің жұбы бар екенін көрсетеді. Ал адамзатқа келгенде ата-ананың ұрпақ үшін бірге болу маңызын насихаттайды, отбасыны басты назарға қояды. Келесі бір ерекше қойылым Роза Мұқанованың Семей полигоны зардабы туралы жазылған «Мәңгілік бала бейнені» көріп, көзіне жас алмай ешкім шықпайды» деді актриса.

Қуыршақ театры басқа театрлардай емес, жыл бойы, яғни 365 күн жұмыс істейді. Қазір осы өнер ошағында балалар туған күнін атап өтеді, балабақшамен қоштасып та жатады. Осы күндері театрда жаңа бағыттағы қойылымдар 3D экран арқылы қойылады.

«Бүгінде шетелдік экранизацияға еті үйренген балаларды таңғалдыру оңай шаруа емес. Үлкен театрға баратын адам – кішкентайынан театр сүйген, барып көрген бала. Өнерге жақын бала – сезімтал, білімді, болашақты ойлайтын бала. Театр көріп өскен бала «қайтсем біреудің кәмпитін не ойыншығын тартып аламын» демейді, керісінше, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін өнер арқылы ажыратып өседі. Біздің басты міндет – барлық жақсыны балаға, өскелең ұрпаққа беру» дейді Салтанат Ишанбекқызы.

Бір үлкен мәселе бар, бұл – ғимараттың тарлығы. «Балалар сыймай жатады, театрымызда көрерменге жағдай жасалмаған. Театр директоры Тоғжан Хасанғалиеваның арқасында «Құралай» фестивалі дүниеге келді. Оның маңызы – тәжірибе алмасу. Театрымызға 40 мемлекеттен шетелдік келеді, әрқайсысы өзінің жеке дара қойылымын қояды. Бір жылдары Италия елі сахна мүмкіндігін ескеріп, қойылымын видеоға түсіріп алып келді. Ғимараттың тарлығына байланысты Қ.Қуанышбаев театрын жалдаған кездер де болды. Бұл үлкен мәселеге айналып отыр. Осы жылды Балалар жылы деп бекер атамаған болар, бұл мәселе өз шешімін тауып, бізге жаңа ғимарат салынса, нұр үстіне нұр болар еді» дейді ол.

Салтанат Ишанбекқызы қуыршақ жасау мәселесі туралы да айтты. «Жан-жақтан қуыршақ алдыртамыз, бағасы өте қымбат. Көркемдік жетекшіміз Құралай Халекетқызы өзінің жеке қуыршақтарын театрға ойнатуға жиі беріп отырады. Себеп – қуыршақтар тапшы. Шетелдік театр өнері әртістерінің арасынан Ресей елінің шеберлігіне тәнтімін. Қуыршақтары отырып алып, үстел басында еркін, шынайы карта ойнап отырады ғой. Не деген шеберлік десеңізші?! Олар үлкен драмалық қойылымдарды Қуыршақ театрына әкеліп қояды. Осыған қызығып, біраз уақыт Ресейге суретшілерді жіберіп, оқытып алып келсек деген ниетіміз мемлекет тарапынан қолға алынбай отыр. Жастарды Ресейге апарып қуыршақ жасау өнерін оқытып-үйретсе, олар қайта келіп, соны біздің театрда жүзеге асырса қандай тамаша болар еді!» дейді актриса.

Қазір осы театрда режиссерлік өнер жақсы дамып келе жатыр. Құралай Ешмұратова Қазақ ұлттық өнер университетінде «Қуыршақ әртісі» деген бөлім ашты. Биыл Серік Мақұлбековтің курсын, Құралай Халекетқызының «Қуыршақ театрының режиссері» бөлімін бітірейін деп отырған түлектер бар. «Ендігі кезекте, қуыршақ жасайтын мамандар болса, тіптен гүлденіп кетер едік. Драматургияға келсек, Қуат Ежембек «Ер Төстік», «Наурызбектің хикаясы», «Атамның өсиеті» атты туындыларын жарыққа шығарып жатыр. Еркін Жуасбектің «Тоба» атты туындысын қойып жатырмыз» дейді актриса.

Салтанат Ишанбекқызы Қуыршақ театрына қызмет етуге келген адам – драманы да игеруі керектігін, техниканы да, әнді де айтып, биді де билеу қажеттігін, қуыршақпен бірге ойнап, дауыс ырғағын келтіре алуы керектігін айтады.

«Көрермен қызығушылығы артып отыр. Толығымен репертуарды жатқа білетін, жаңа қойылымдарды асыға күтетіндер де бар. Біз қазақ және орыс тілдерінде қойылым қоямыз. Бірақ орыс тіліне көп келетін – өзіміздің қаракөз қазақ балалары, сонысы қиындау. Ата-ананың таңдауы орыс тілі болып отыр. Мысалы, «Ер Төстіктің» орыс тіліндегі қойылымына көп келеді. Ең қызығы, басқа ұлт өкілдері қазақ тіліне көп келеді. Өздері ағылшын тілінде сөйлейді. Шетелдік бір отбасы бар. Балаларын сағат 12-дегі қойылымға алып келіп, кешкі 4-тегі қойылымнан кейін алып кетеді. Сонда барлық қойылымға билет сатып алады, қазақшасына да, орысшасына да. Бұл біздің мәдениетімізге деген қызығушылықтың нышаны деп түсінемін» дейді актриса.

Елімізде балдырғандардың эстетикалық тәрбиесімен айналысатын Қуыршақ театрлары көп емес. Соның бірі де, бірегейі де – елордадағы өнер ошағы. Театр тынысымен танысқан соң, ұжымға мәселелерінің шешілуіне шын тілектестігімізді білдіріп шықтық.

Гүлім КӨПБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
студенті

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНІҢ ӘУЕНДЕРІ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымы музыкалық сый дайындап, «Ертегілер әлемі» атты мерекелік концерт өткізді.

Танымал әртістер мен жас дарынды орындаушылардың сахнаға бірге шығып, балалар мерекесін атап өтуі елордалық филармонияның көп жылдық дәстүріне айналды. Ересектер мен балалардың осылай бірлесіп өнер көрсетуі концерттерге ерекше көрік берсе, музыкалық кештер көрермендер қуана қабылдайтын отбасылық мерекелерге айналған.

Биыл «Ертегілер әлемі» концертіне Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек жетекшілік ететін «Артспорт өнер» студиясының балалары және Қазақстанның Гиннесс рекордтар кітабына енген «Қорқыт» этноансамблі, филармонияның классикалық және эстрадалық вокал орындаушылары (көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арайлым Рахымқызы), халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Болат Алпысбаевтың жетекшілігімен «Qazband» ұжымы қатысты.

«Дарынды балаларымыз – біздің болашағымыз. Олардың талантын қолдау, музыкалық мамандыққа деген қызығушылығын дамыту өте маңызды» деді Шолпан Қорғанбек.

Кеш барысында «Артспорт» студиясы балалары мен Е.Рахмадиев атындағы филармония орындаушылары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлнұр Оразымбетова, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Нұрбол Балапанов, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Әйгерім Ораз, Парасат Отан, Ақбота Құснадин, Айдын Жұмабай, Диана Май, Әкімхан Мәженов, Мұратбек Хайролданың орындауында заманауи композиторлардың әндері мен «Алдар көсе», «Чунга чанга», «Маша мен аю», «Трактор келе жатыр», «Фиксиктер», «Арыстан патша» «Аладдин», «Сұлу мен құбыжық» және т. б. мультфильм әуендері шырқалды.

Концертте жеке вокалдық және аспаптық өнер көрсетумен (флейта, ксилофон) қатар «Qazband» және «Қорқыт» этноансамблінің сүйемелдеуімен вокалдық және аспаптық дуэттер мен ансамбльдер ұсынылды.

Мақсат РАХЫМБЕРДІ,
Л.Гумилев атындағы
ЕҰУ студенті

ЕЛОРДА БАЛАЛАР ҮШІН ҚАУІПСІЗ БЕ?

Жазғы демалыс – мектеп оқушылары үшін сауық-сайран салып, жайбарақат жүретін шат-шадыман кезең. Әсіресе балалар көшеде жүруге, саябақта әткеншек тебуге, кешкі уақыттарда серуендеуге, түрлі ойын-сауық орталықтарына баруға әуес. Әрине, бас қалада балалар қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі. Көмекке келушілер де сақадай сай тұрады. Десек те, қауіп аяқ астында. Ресми мәліметке сүйенсек, балаларға қатысты оқыс оқиғалар тұрақты (өткен жылы 48 және ағымдағы жылы 48). Сырттан қараған адамға елордада барлығы орнымен болғандай көрінеді. Бірақ іштегі кем-кетігіміздің де білініп жататыны рас.

Бала – болашағымыз. Жас буынның денсаулығы, білімі, қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайы қашан да мемлекет назарынан тыс қалған емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2022 жыл Балалар жылы деп жарияланды. Иә, бала қауіпсіздігін сақтау – алдымен мемлекет тарапынан шешілетін мәселе. Дегенмен, барлығын бірдей билікке ғана тапсырып қойған тағы болмас.

Балалар қауіпсіздігін сөз қылғанда, назар аударатын бір мәселе – балалардың түнге қарай сейіл құруы. Кәмелетке толмағандардың ата-аналарының қарауынсыз бейқам жүргенін көргенде, отбасы тәрбиесі, ата-ана жауапкершілігі қайда деп қаласың?! 2022 жылдың басынан бастап Нұр-Сұлтан қаласының полицейлері кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын үйлерінен тыс жерде болғаны үшін 800 заңды өкілді әкімшілік жауапкершілікке тартты. Осыған байланысты, «коменданттық сағат» енгізілгені бар. Яғни, түнгі 23.00-ден кейін балалардың сыртта жүріп-тұруына тыйым салынған. Алайда арқаны кеңге салып жүргендер де кездеседі. Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің мәліметі бойынша, жыл басынан бері балаларды тәрбиелеу бойынша міндеттерді орындамағаны үшін 115 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» екенін әсте ұмытпағанымыз жөн.

Абайсызда көлік астына жүгіретін жайттар да қалада аз емес. Ағымдағы жылдың басынан бастап қала аумағында кәмелетке толмағандардың қатысуымен 14 ЖКО тіркелді. Осыған байланысты, Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бөлімінің басшысы Азамат Садықов балалардың жолдағы қауіпсіздігі туралы бірқатар іс-шаралардың жүзеге асып жатқанын айтады. «Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу және ескерту, сондай-ақ қала аумағындағы көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын бекіту мақсатында ағымдағы жылдың басынан бері «Абайлаңыз, балалар!» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп келеді. Аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда және тұрақты бақылауға алынған». Іс-шара басталғалы бері полиция қызметкерлері «Сіздің жолаушыңыз – балалар» тақырыбында акция ұйымдастырып, мектеп және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының өкілдерімен 150-ге жуық әңгімелесу мен дәріс өткізді.

Дей тұрғанымызбен, мәселенің анық-қанығын білу үшін Нұр-Сұлтан қаласының бірқатар көшелерін аралап, қоғам пікірін сұрап көрдім. Сол жағалаудағы «Жетісу» саябағында аттракционның қызығы да, шыжығы да қатар. Ойын аттракциондардың балалар үшін қауіпсіздігі жайлы инженер Вячеслав Горлов былай дейді: «Жетісу саябағында қала тұрғындарына қызмет көрсету ісі қатаң қолға алынған. Арнайы механикалық құрылғыда төрт адам жұмыс істейді. Екі механик, электрик және инженер. Мысалы, «маятник» деп аталатын аттракцион қауіпсіздік жүйесінің күрделілігімен ерекшеленеді. Аталған әткеншекке отырған кезде келушілер орындыққа қарай ығысады. Яғни, әрі-бері шайқалмайды. Сондықтан, біздің саябақ балалар үшін толық қауіпсіз».

Алайда елордалық кей ата-аналар балаларының қауіпсіздігі үшін алаңдаулы көрінеді. «Қауіпсіз жер бар. Қауіпті жерлер де жоқ емес. Екі жақтан да қарасақ. Қаламыздағы барлық жер балаларым үшін қауіпсіз деп айта алмаймын. Мәселен, біздің аулада ескерту белгілері қойылмаған. Салдарынан бірнеше жағдайлар орын алды» дейді қала тұрғыны Серік Аманжан.

Ал 7-сынып оқушысы Алиасқар Дабаевтың айтуынша, бас қаламыз қауіпсіз. «Әдетте мен достарыммен серуендеп жүргенде, қауіпті жағдайларға ұрынбаймын да, көрмеймін де. Менің ойымша, біздің қаламызда қауіпсіздік мәселесі жақсы шешілген. Өзімнің көңілім толады».

Әлемдегі ең қауіпсіз елдер рейтингде 27-орынға жайғасқан Польша мемлекетінде тәртіп басқа. Қоғамның кішкентай бөлшегі – балалар үшін жол қауіпсіздігі қатаң бақылауда ұсталады. Мәселен, аптаның бес күнінде мектеп жанындағы жаяу жүргіншілер жолында таңғы сағат 8.00-8.30-ға дейін қолында STOP белгісі бар, арнайы оқытылған адамдар кезекшілікте тұрады. Олар балаларға көлік ағынын тоқтатып, жолдан қауіпсіз өтуге көмектеседі екен.

Ендігі бір қызық, көпшілік жиналатын бұқаралық іс-шараларда балаларға міндетті түрде арнайы қағаз білезіктер тағылады. Әрі оған баланың аты-жөні мен ата-анасының телефон нөмірі жазылады. Осы арқылы баланың да, ата-ананың да көңілі жай. Себебі олардың емін-еркін, әрі қауіпсіз жүруін мемлекет қамтамасыз етіп отыр. Шет елдің мысалдарын саралай берсек, алар тәжірибе көп. Қазақи ұстанымымызға жағатыны да, жақпайтыны да бар.

Қала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірқатар цифрландыру жұмыстары жүзеге асырылған. Мәселен, соның бірі – «Smart Astana» мобильді қосымшасы. Аталған қосымша қауіпсіздік қызметтері, тәртіп сақшылары мен халық арасындағы байланысты нығайтуда тиімді. Осы секілді озық технологиялар қауіпсіз әрі ақылды астананың бой түзуіне ықпал етеді.

Индира БЕРЖАНОВА,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенті

ДЕМАЛЫСТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕДІ?

Карантиндік шектеулерден кейін биыл балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру ісі қайта жанданып жатыр. Білім және ғылым министрінің орынбасары Шолпан Каринованың айтуынша, жазғы уақытта 3,3 млн оқушыны қамту жоспарланған. Ал 2,3 млн оқушы сауықтыру лагерінде демалатын болады. Жалпы, ел бойынша жазғы сауықтыру науқанын қаржыландыру үшін 4,53 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар республика бойынша 11 мыңнан аса мектеп жанындағы, қала маңындағы, шатырлы, спорттық және киіз үй лагері жұмыс істейді.

Айзада ЖАЙЫҚҚЫЗЫ

Республика бойынша жазғы мектептер жұмысы 17 маусымға дейін жалғасады. Сабақтар математика, мазақ және ағылшын тілдері, физика, химия және т.б. пәндер бойынша ұйымдастырылуда. Жазғы мектептің ерекшелігі – музей мен тарихи нысандарға бару, таза ауада өтетін сабақтар деп айтар едік. Сондай-ақ үй тапсырмасы берілмейді. Жоғары оқу орындары жанынан ашылған жазғы мектептер де бар. Онда оқушылар тіл, IT-технология мен робототехника, биотехнология, кәсіпкерлік негіздерін оқиды.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша, мектеп жанындағы лагерлерден бөлек, 2 профильді, 2 қала сыртындағы (Ақмола облысындағы Аққөл ауданында орналасқан «Арман» және «Боровичок») және 2 шатырлы («Батыр» және «Тұлпар») лагерь жұмыс істейді. Бұл 176025 оқушыны қамтып отыр. Елордалық білім басқармасының мәліметінше, 2 қала сыртындағы (1440 бала), 2 шатырлы (960 бала), 2 бейінді (700 бала), сондай-ақ Оқушылар сарайы жанындағы жазғы лагерь (олар үш маусымға есептелген) жұмыс істейді.

Жаз айларында балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жеке білім беру және мәдениет мекемелері өз ұсыныстарын әзірлеген. Атап айтқанда, астаналық Stars Studio студиясында оқушылар үшін төрт бағыт бойынша топтық сабақтар ұйымдастырылады. Олар: актерлік шеберлік, вокал, би және бейнелеу өнері.

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында балаларға арналған 3 орталық жұмыс істейді. Атап айтқанда, «Sana» және «Tanym» креативті технологиялар орталықтары. Мұнда 1-11-сынып оқушылары робот, ойын мен қосымшалар жасауды тегін үйренеді. Ал «Нұрсая» тұрғын үй кешенінде орналасқан «Білім-парк» өнер-білім орталығында 15-ке жуық үйірме бар. Олардың ішінде хореография мен IT үйірмесіне сұраныс жоғары. Одан басқа оқушылар робототехника, кеме жасау, авиамодельдеу, видеографика домбыра, бокс, шахмат секцияларына тегін қатыса алады.

ҚАЛА СЫРТЫНДАҒЫ ДЕМАЛЫС

Нұр-Сұлтаннан 260 шақырым жерде Бурабай мен Щучинск курорттары орналасқан. Мұнда да балаларға арналған арнайы жазғы демалыс бағдарламасы бар. Бурабай көлінің солтүстік жағалауындағы Edelweiss Borovoe лагеріндегі 10 күндік демалыс үшін 75 мың теңге төлеу керек. «Жұлдызды континент» балалар сауықтыру-ойын-сауық орталығына 10 күнге жолдама 80-нен 95 мың теңге аралығында болады. Бірақ Нұр-Сұлтаннан лагерге дейінгі жол шығыны бұл бағаға кірмейді.

Шілде айынан бастап елордадан 30 минуттық жерде орналасқан Қызылжар орман шаруашылығы аумағында «Саржайлау» этнолагері ашылады. Мұнда балаларға ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлері үйретіледі. Сондай-ақ киіз үй құрылып, ұлттық тағамдардың жасалу әдісі көрсетіледі. Этнолагерь 12-16 жастағы балаларға арналған. Өтініштер 15 маусымнан бастап қабылданады.

Елордалық оқушыларға арналған ақылы шетелдік лагерлер де бар. Мәселен, Түркиядағы Кемер қаласының Бельдиби курорттық қалашығындағы білім беру лагерінде 7-11 сынып аралығындағы оқушылар қабылданады. Бір оқушының 10 күндік демалысы 2750 еуроны құрайды. Бұл бағаға ұшу билеті (Нұр-Сұлтаннан), жатын орын, тамақтану, оқу және медициналық сақтандыру кіреді. Оқытудың әртүрлі форматтары бар. Мұнда топтық экскурсиялар мен шетелдік жоғары оқу орындарына түсуге дайындық үйретіледі.

Балалар төмендегі санаттар бойынша жазғы лагерге тегін жолдама алады:

- *атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар;*
- *орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар;*
- *жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;*
- *отбасындағы балалар шұғыл көмекті қажет ететін отбасылар.*

Тегін қызмет алу үшін egov.kz немесе білім басқармасына жазбаша өтініш беру керек.

№65 (4343) 04/06/2022 Сенбі

БАС ПРОКУРАТУРА ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары Б.Дембаев елімізде өтетін республикалық референдумға қатысты қазақстандықтарға үндеу жариялады.

Мемлекет басшысының 05.05.2022 ж. №888 Жарлығына сәйкес, 5 маусымда Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңының 31-бабы бойынша 4 маусымда сағат 00:00-де референдум алдындағы үгіт жүргізу аяқталады. Осыған орай, орталық референдум комиссиясының 06.05.2022 ж. №32/482 қаулысына сәйкес, бұл үгітке, соның ішінде қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін немесе референдум нәтижелерінің болжамдарын жариялаумен ұштасқанға референдум өткізілетін күннің алдындағы күні және ол өткізілетін күні, яғни биылғы 4 және 5 маусымда тыйым салынады (Конституциялық заңның 7-бабы 4-тармағы).

Осы күндері – үгітке тыйым салынған кезеңде ол жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 102-бабы бойынша жауаптылық туындайды.

Екі немесе одан да көп рет не басқа біреу үшін дауыс беру немесе учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің азаматтарға басқа адамдар үшін дауыс беруге мүмкіндік беру мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру ӘҚБтК-нің 108 және 110-баптары бойынша жауаптылыққа әкеп соғатынына да назар аударамыз.

Конституцияға (83-бап) сәйкес, прокуратура органдары референдумға дайындық пен оны өткізудің барлық сатыларында заңның сақталуына жоғары қадағалауды қамтамасыз етуде.

Мазмұндалғанды ескере отырып, Бас прокуратура заңдылықты қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында азаматтарды, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарын қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтауға шақырады.

Жоғарыда келтірілген заң талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, олар туралы ден қою шараларын қабылдау үшін прокуратура органдарына дереу хабарлауды сұрайды.

ШЕТЕЛДЕ ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

Сыртқы істер министрлігі 52 шет мемлекетте 65 учаскелік референдум комиссиясын құрды. Аталған комиссиялардың барлық 325 мүшесі қашықтан оқып, Республикалық референдумның құқықтық негіздері мен референдум комиссияларының жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы бойынша арнаулы тестілеуден өтті. Қазіргі уақытта шетелден ұсынылған белсенді дауыс беру құқықтары бар шет елдерде жүрген Қазақстан азаматтарының алдын ала тізімінің негізінде сайлаушыларымыздың саны шамамен 11 350 адамды құрайды.

Дауыс беруге қатысу үшін белсенді сайлау құқығы бар, тиісті шет мемлекетте тұратын немесе жеке, қызметтік, іскерлік пен туристік мақсатпен жүрген және ҚР азаматының жарамды төлқұжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік комиссия құрылған Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне жүгіне алады. Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға барған қазақстандықтар учаскелік комиссияға жүгінеді және Қазақстан Республикасы азаматының жарамды төлқұжатын көрсетуі тиіс.

Қазақстанның шетелдегі мекемелерінде дауыс беру рәсімі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес, референдум өткізілетін күні (2022 жылғы 5 маусым) жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін өткізіледі.

ТІЗІМДЕ БОЛМАСАҢЫЗ НЕ ІСТЕЙСІЗ?

Орталық референдум комиссиясы мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі белгіленген тәртіппен азаматтардың «Электрондық үкімет» порталында тіркелген жері бойынша мәліметтерді референдум учаскесінде тексерудің онлайн-сервисін іске асыру жөнінде бірлескен құжат дайындады.

Сервисті учаскелік референдум комиссияларының мүшелері азаматтар өтініш жасаған кезде, олар жергілікті атқарушы органдар ұсынған республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізілмеген жағдайда пайдаланады.

Референдум учаскесінің шекараларында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелген азамат өзінің дербес деректерін пайдалану туралы келісімін көрсете отырып, тізімге енгізу туралы жазбаша өтінішпен учаскелік комиссияға жүгінуге құқылы.

Онлайн-сервис парағында өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша аумақта тұрақты тіркелгені туралы мәліметтер расталған кезде учаскелік комиссия оны республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды.

БАСҚА ҚАЛАДА ДАУЫС БЕРУ ЖОЛДАРЫ

5 маусымда өтетін республикалық референдумда азаматтар есептен шығару куәліктері арқылы болатын жеріндегі сайлау учаскесінде дауыс бере алады.

Референдумға қатысушы өзінің болатын жерін ауыстырған жағдайда 2022 жылғы 20 мамырдан бастап 4 маусым жергілікті уақыт бойынша сағат 18-ге дейінгі кезеңде жеке басын куәландыратын құжатын көрсетіп, тіркеу орны бойынша учаскелік комиссиядан есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік комиссия дауыс беру күні азаматтарды оның дауыс беретін жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді. Жоғалған есептен шығару куәлігі қалпына келтірілмейді. Есептен шығару куәлігінің көшірме нұсқалары берілмейді. Аталған куәлік дауыс беретін күнге дейін жиырма күннен кешіктірмей тиісті аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияларға беріледі.

ЖАБЫҚ УЧАСКЕЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Бас қаламызда 5 маусымда өтетін референдумда науқастардың дауыс беруі үшін медициналық мекемелер жанынан жабық учаскелер ұйымдастырылады. Бұл туралы қала әкімдігі ақпарат таратты.

«Қалалық және өзге де медициналық ұйымдарда емделіп жатқан науқастардың референдумға қатысуы үшін медициналық мекемелер жанынан жабық учаскелер ұйымдастырылды. Республикалық маңызы бар мемлекеттік мекемелер мен медициналық ұйымдарды ескерсек, дауыс беруге арналған жабық учаскелер саны – 27. 18 жасқа толған науқастарға, босанатын және босанған әйелдерге дауыс беру кезінде тиісті мәліметтерді толтыру үшін өзімен бірге жеке куәлігі болуы жеткілікті. Жабық учаскелерде сайлау комиссиясы да жұмыс істеп, дауыс берудің ашықтығын қадағалайды» делінген хабарламада.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДАЛЫҚТАР!

Дауыс беру учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде мына арналар арқылы алуға болады:

- ресми веб-сервис: referendum.astana.kz
- Telegram-дағы чат-бот: ns_referendum_bot
- «Қалалық қызметтер» бөліміндегі «SmartAstana» мобильді қосымшасы:
- iKomek бірыңғай байланыс орталығы, 109 телефоны бойынша.

Азаматты белгілі бір дауыс беру учаскесінде референдумға қатысуға құқығы бар адамдардың тізіміне енгізу үшін оның тұрғылықты жері бойынша осы учаскенің аумағында тіркелу фактісі негіз болатындығын атап өткен жөн. Мекенжай мәліметтерін тіркеу, түзету және тексеру үшін egov.kz «электрондық үкімет» порталына жүгіну қажет. «Азаматтық, көші-қон және иммиграция – Халықты тіркеу және тіркеу есебінен шығару» бөліміне немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына.

ӨЗ УЧАСКЕМДІ ҚАЛАЙ ТАБАМЫН?

Мына сілтемелер арқылы жарияланған «Сайлау учаскесін іздеу» қызметін пайдаланыңыз:

- *https://www.gov.kz/referendum*
- *https://referendum.gov.kz*
- *https://referendum2022.gov.kz*

Өзіңіз тіркелген аймағыңызды таңдап, ЖСН-ды енгізіп, reCAPTCHA тексерісінен өтіңіз және «Табу» батырмасын басыңыз. Егер ЖСН-ңыз деректер базасында болса, онда нәтижесінде учаскеңіздің нөмірін және оның мекенжайын көре аласыз. Әйтпесе, кеңес алуға болатын Call-орталықтардың тізімі көрсетіледі.

БЮЛЛЕТЕНЬ ҮЛГІСІ

Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы № 33/488 қаулысында «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 2 қарашадағы №2592 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, 27-бабына сәйкес, республикалық референдумда дауыс беруге арналған бюллетеньнің нысаны төмендегідей бекітілген:

Республикалық референдумда дауыс беруге арналған
БЮЛЛЕТЕНЬ
2022 жылғы 5 маусым

БЮЛЛЕТЕНЬ
для голосования на республиканском референдуме
5 июня 2022 года

2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?

Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?

Өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қойыңыз

Поставьте любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который Вы голосуете

ИӘ, қабылдаймын
ДА, принимаю ☐

ЖОҚ, қабылдамаймын
НЕТ, не принимаю ☐

Ескертпе: референдумның қорытындыларын шығару кезінде белгіленбеген үлгідегі; учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған; референдумға қойылған мәселеге қайтарылған жауаптар нұсқаларының бірде-біреуі белгіленбеген; оларда референдумда дауыс бергендердің еркін білдіруін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Примечание: недействительными бюллетенями при подведении итогов референдума признаются бюллетени неустановленного образца; в которых отсутствует подпись члена участковой комиссии референдума; в которых не отмечен ни один из вариантов ответов на вопрос, вынесенный на референдум; в которых невозможно определить волеизъявление голосовавших на референдуме.

ДҮЙСЕНБІ
6 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер».
6:25 «Másele».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Орман иесі». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:10 «Қызық екен...»
13:50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15:00 AQPARAT
15:15 ФУТБОЛ. Чехия – Испания
15:25 «Ауылдастар».
16:00 «Көңіл толқыны»
17:00 AQPARAT
17:15 «Шабдалы 18». Телехикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «ОРМАН ИЕСІ». Телехикая.
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:25 «1001 ТҮН».
0:35 ФУТБОЛ. ХОРВАТИЯ – ФРАНЦИЯ.
2:40 AQPARAT

5:00 МЕГАХИТ. “АМНЕЗИЯ”
7:00 ТҰСАУКЕСЕР! “ОЯН!”
10:00 КИНО. “КТО ВЫ, ГОСПОДИН КА?”
12:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
12:10 ТЕЛЕХИКАЯ. “ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ”
13:00 НОВОСТИ
13:10 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2”
15:00 “БҮГІН”. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
16:00 КИНО. “РЫВОК”
18:00 МЕГАХИТ. “ЗАКОН ДОБЛЕСТИ”
20:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:30 “НЕГІЗІНДЕ”
20:35 “ВТОРАЯ РЕСПУБЛИКА”
20:50 “НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ”
21:00 ИТОГИ ДНЯ
21:30 “ПО СУТИ”
21:35 ТЕЛЕХИКАЯ. “ТҰМАР”
22:30 “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2”
0:00 “НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ”
0:30 ТЕЛЕХИКАЯ. “ЕГІЗ ЖҮРЕК”

ASTANA TV

06:00 «Кэбэк» корей телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:10 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11:30 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12:40 «Қорғансыз ханшайым»
13:50 «My love is Aisulu» Х/ф
15:40 «Рэкетир» Х/ф
17:35 «Кішкентай келін» тлехикая
18:30 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
19:25 «Өткінші жаңбыр» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «Әйел тағдыры» телехикая
21:55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:45 «Қорғансыз ханшайым» телехикая
01:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
01:45 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
02:25 «SarapTimes»
03:20 «Astana times»
04:20 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ШУРИК ПРОТИВ ШУРИКА»
11:00 «СКАЖИ МНЕ ПРАВДУ».
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:40 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
0:20 «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»
1:20 Ночной кинотеатр. «ЗОРГЕ»
2:30 ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:45 «П@УТІNA» бағдарламасы
3:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
4:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

КТК

07.05 “ДАУ-ДАМАЙСЫЗ” (қайталау)
07.25 “СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА”,
09.00 “МҰҢДЫ ЫЗҒАР”
11.00 “БАҚЫТ ЖОЛЫНДА”
13.30 “ТЫ ТОЛЬКО ВЕРЬ”
17.30 “МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА”
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 “OZAT ОТБАСЫ”
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 “ПЛЕННИЦА”, мелодрама.
23.40 “ЛОВУШКА”
01.10 “НАСЛЕДНИКИ”
02.35 “МҰҢДЫ ЫЗҒАР”
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студио
07:00 Ризамын
07:30 «31 әзіл»
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 «Күліп ALL» (повтор)
10:00 Мультсериал «Лекс и Плу»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
12:00 Т/сериал «Кухня» (повтор)
13:00 Т/сериал «Кухня»
14:00 «Капитан Саблезуб и Волшебный Бриллиант» (повтор)
15:50 «Капитан Саблезуб и сокровища Лама Рама»
18:00 «Одноклассники»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 Турецкий сериал «Ұшқан ұя»
21:55 «Максимальный риск»
00:00 Индийский сериал «Анупама»
01:00 «Ханшайым» (повтор)
01:40 Сериал «Базарбаевтар»
02:30 «31 әзіл»
03:30 Әзіл студио
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
07:10 Т/х «Серт пен сезім»
08:10 Т/х «Қадам»
09:00 Т/с «Родком»
10:00 Х/с «Женский доктор»
11:00 Х/с «Горячая точка»
13:00 Ток-шоу «SanTaram»
14:00 Скетчком «Q-елі»
14:30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
15:20 Т/с «Гадалка»
16:30 Т/с «Родком»
17:30 Х/с «Женский доктор»
18:30 «Aibat»
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Горячая точка»
21:30 «SALEM, MEN NURLAN KOYANBAYEV»
22:30 Т/х «Қадам»
23:10 Т/х «Әкесінің баласы»
00:10 «Aibat»
00:40 «Студия 7»
01:10 Т/с «Гадалка»
02:10 ОЯН, QAZAQSTAN Music
02:40 Т/п «Тамаша»
04:00 Т/п «Айна-online»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Джеки Чанның оқиғасы» (
08.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.30 «РЕВЮ» (каз.)
08.35 «OZMZ ғой» (каз.)
09.00 «Екі езу» (каз.)
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
10.00 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.15 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ДЖЕКИ ЧАНА»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 «OZMZ ғой» (каз.)
16.30 «Кішкентай мемлекет» (каз./рус.)
17.30 «ПРИВИДЕНИЕ»
19.30 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»
20.30 «ОТ КОЛЫБЕЛИ ДО МОГИЛЫ»
22.30 «ДЖЕК СТОУН»
00.00 «OZMZ ғой» (каз.)
00.25 «РЕВЮ» (каз.)
00.30 «Опмай, Опмай» (каз.)
01.10 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
01.50 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
7 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер». (Теңгелер)
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Орман иесі». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:10 «Қызық екен...».
13:50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15:00 AQPARAT
15:15 ФУТБОЛ. Хорватия – Франция
15:25 Деректі фильм.
15:50 «ҚАЗАҚТАР».
16:25 «Көңіл толқыны»
17:00 AQPARAT
17:15 «Шабдалы 18». Телехикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:30 «ОРМАН ИЕСІ». Телехикая.
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:25 «1001 ТҮН».
0:35 ФУТБОЛ. ГЕРМАНИЯ – АНГЛИЯ.
2:40 AQPARAT

5:00 МЕГАХИТ. “ЗАКОН ДОБЛЕСТИ”
7:00 ТҰСАУКЕСЕР! “ОЯН!”
10:00 КИНО. “РЫВОК”
12:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
12:10 “ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ”
13:00 НОВОСТИ
13:10 ТЕЛЕХИКАЯ. “ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА 2”
15:00 “БОЛЬШАЯ НЕДЕЛЯ”.
16:00 КИНО. “МОЙ ГРЕШНЫЙ АНГЕЛ”
18:00 МЕГАХИТ. “АМЕРИКАНЕЦ”
20:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:30 “НЕГІЗІНДЕ”
20:35 “ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА”
20:50 “ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА”
21:00 ИТОГИ ДНЯ
21:30 “ПО СУТИ”
22:30 ТЕЛЕХИКАЯ. “РАУЗА”
0:00 ТЕЛЕХИКАЯ. “ЕГІЗ ЖҮРЕК”

ASTANA TV

06:00 «Кэ бэк» корей телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11:20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12:20 «Қорғансыз ханшайым»
13:30 «Айтарым бар» ток шоу
14:30 «Қағаз кеме» телехикаясы
15:00 «Рэкетир 2» Х/ф
17:35 «Кішкентай келін» телехикаясы
18:30 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
19:25 «Өткінші жаңбыр» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «Әйел тағдыры» телехикая
21:55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:45 «Қорғансыз ханшайым» телехикая
01:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
01:45 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
02:25 «Айтарым бар»
03:20 «Astana times»
04:20 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
12:05 «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ».
13:05 «СТАРШАЯ ДОЧЬ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:40 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
0:20 «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»
1:20 Ночной кинотеатр. «ЗОРГЕ»
2:25 ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «П@УТІNA» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
4:35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

КТК

07.05 “OZAT ОТБАСЫ”, ток-шоу
07.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
08.15 “СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА”
09.00 “МҰҢДЫ ЫЗҒАР”
11.00 “БАҚЫТ ЖОЛЫНДА”
12.30 “БЫЛО ДЕЛО”
13.30 “ЛОВУШКА”
15.20 “ПЛЕННИЦА”, мелодрама
17.30 “МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА”
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 “OZAT ОТБАСЫ”
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 “ПЛЕННИЦА”
23.40 “ЛОВУШКА”
01.10 “ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ”
02.50 “МҰҢДЫ ЫЗҒАР”
04.20-04.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студио
07:00 Ризамын
07:30 Информбюро (повтор)
08:30 Индийский сериал «Ханшайым»
09:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:00 Т/сериал «Кухня» (повтор)
12:00 Т/сериал «Кухня»
13:00 «Одноклассники 2» (повтор)
15:00 «Маска Зорро» (повтор)
18:00 «Отличница лёгкого поведения»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 Честно говоря
21:10 Турецкий сериал «Ұшқан ұя»
22:05 «Легенда Зорро»
00:00 Индийский сериал «Анупама»
01:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:40 Сериал «Базарбаевтар»
02:20 Әзіл студио
04:00 What’s up?
05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
07:10 Т/х «Серт пен сезім»
08:10 Т/х «Қадам»
09:00 Т/с «Родком»
10:00 Х/с «Женский доктор»
11:00 Х/с «Горячая точка»
13:00 Ток-шоу «SanTaram»
14:00 Скетчком «Q-елі»
14:30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
15:20 Т/с «Гадалка»
16:30 Т/с «Родком»
17:30 Х/с «Женский доктор»
18:30 «Aibat»
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 Х/с «Горячая точка»
21:30 «SALEM, MEN NURLAN KOYANBAYEV»
22:30 Т/х «Қадам»
23:10 Т/х «Әкесінің баласы»
00:10 «Aibat»
00:40 «Студия 7»
01:10 Т/с «Гадалка»
02:10 ОЯН, QAZAQSTAN Music
02:40 Т/п «Тамаша»
03:30 Т/х «Япырай»
04:00 Т/п «Айна-online»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Джеки Чанның оқиғасы»
08.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.30 «РЕВЮ» (каз.)
08.35 «OZMZ ғой» (каз.)
09.00 «Екі езу» (каз.)
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
10.00 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.15 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ДЖЕКИ ЧАНА»
11.00 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.25 «РЕВЮ» (каз.)
16.30 «Кішкентай мемлекет» (каз./рус.)
17.10 «ОДНАЖДЫ В РОСИИ»
17.30 «ОТ КОЛЫБЕЛИ ДО МОГИЛЫ»
19.30 «ОРЁЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»
20.30 «МЕДАЛЬОН»
22.20 «БЕСПРЕДЕЛ»
00.30 «OZMZ ғой» (каз.)
01.00 «РЕВЮ» (каз.)
01.45 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
02.30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

СӘРСЕНБІ
8 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер».
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Орман иесі». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:10 «Қызық екен...».
13:50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15:00 AQPARAT
15:15 ФУТБОЛ. ОЙЫНДАРҒА ШОЛУ.
15:30 «Ауылдастар».
16:05 «Көңіл толқыны»
17:00 AQPARAT
17:15 «Шабдалы 18». Телехикая.
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ».
21:20 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:25 «1001 ТҮН».
0:35 ФУТБОЛ. БЕЛЬГИЯ – ПОЛЬША.
2:40 AQPARAT

5:00 МЕГАХИТ. “АМЕРИКАНЕЦ”
7:00 “ОЯН!”
10:00 КИНО. “МОЙ ГРЕШНЫЙ АНГЕЛ”
12:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
12:10 ТЕЛЕХИКАЯ. “ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ”
13:10 ТЕЛЕХИКАЯ. “РАУЗА”
15:00 “БҮГІН”. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
16:00 КИНО. “РЭКЕТИР”
18:00 МЕГАХИТ. “ОБЛАСТИ ТЬМЫ”
20:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:30 “НЕГІЗІНДЕ”
20:35 “БІЗДІҢ НАЗАРДА”
21:00 ИТОГИ ДНЯ
21:30 “ПО СУТИ”
21:35 ТЕЛЕХИКАЯ. “ТҰМАР”
22:30 “НЕ ХАБАР?”
23:30 ТЕЛЕХИКАЯ. “РАУЗА”
0:15 ТЕЛЕХИКАЯ. “ЕГІЗ ЖҮРЕК”

ASTANA TV

06:00 «Кэ бэк» корей телехикаясы
07:10 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кекеш келін» телехикая
11:20 «Қызғалдақ» телехикая
12:20 «Қорғансыз ханшайым» телехикая
13:30 «Айтарым бар» ток шоу
14:30 «Қағаз кеме» телехикаясы
15:00 «Бикештер» телесериал
15:35 «Ликвидатор» Х/ф
17:35 «Кішкентай келін» телехикая
18:30 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
19:25 «Өткінші жаңбыр» телехикая
20:00 «Astana times»
21:00 «Әйел тағдыры» телехикая
21:55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23:45 «Қорғансыз ханшайым» телехикая
01:00 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
01:45 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
02:25 «Айтарым бар»
03:20 «Astana times»
04:20 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
6:45 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
11:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
12:05 «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ».
13:05 «СТАРШАЯ ДОЧЬ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:40 «МЕНТОВСКИЕ ВОЙНЫ 9»
0:20 «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ»
1:20 Ночной кинотеатр. «ЗОРГЕ»
2:25 ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «П@УТІNA» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:50 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
4:35 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

КТК

07.05 “OZAT ОТБАСЫ”, ток-шоу
07.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
08.15 “СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА”
09.00 “МҰҢДЫ ЫЗҒАР”
